



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ӨЗІНДІК ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ДАМУ МОДЕЛІ, БЫҚПАЛ ЕТКЕН ФАКТОРЛАРЫ

Токпанова Гүлмира Мұратқызы
tokpanovag@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті,
аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі -Даркенов Қ.Ғ.

«Ханган өзенінің ғажайыбы» - халықаралық қауымдастық Оңтүстік Кореядағы таңғажайып экономикалық жетістіктеріне осындай атау берген болатын. Мемлекеттілікке ие болған кезеңінде бұл ел аймақтағы ең кедей аграрлы мемлекеттердің бірі болды. Шамамен 1962 жылы Корея Республикасы үкіметі мемлекеттің экономикалық потенциалын жетілдіру және дамытуға бағыт алды, ең алдымен, негізгі өндірістердің бағытын аграрлықтан технологиялық және жоғары интеллектуалдық өнеркәсіпке ауыстыру жолын таңдады. Корей халқының еңбекқорлығы мен үкіметтің тиімді экономикалық саясатының нәтижесінде мемлекет қырық жылдың ішінде жоғары техникалық, интеллектуалдық тауарлардың әлемдік нарығы жетекшілерінің біріне айналды.

Бүгінгі күні Оңтүстік Корея сауда айналымының көлемі бойынша әлемде 12-орынға ие. Қазіргі таңда бұл мемлекет кеме құрылысы, электрлік жабдықтар мен құралдар, автомобильдер өндірісінде әлемдік жетекшілердің бірі болып табылады. 2020 жылға қарай Оңтүстік Корея азиялық экономикалық одақтағы негізгі блокқа айналуы көздейді. Бұл мақсатта экономиканың корпоративтік, қаржылық және мемлекеттік бөліктерінде, еңбек нарығында реформалар жүргізілді. Мемлекет еңбек нарығының икемділігін кеңейту, жұмыссыздық деңгейін төмендету, тауарларының импорты мемлекет табысының үлкен бөлігін құрайтын трансұлттық компаниялардың бәсеке қабілетін қолдау, т.б. мақсаттарды алға қояды.

Мемлекетке шетел инвестицияларды тартудың ірі тірегі елдің адами ресурсы болып табылады. Өндірістің алуан түрлі бағыттарындағы 100 мыңнан астам жоғары мамандандырылған жұмысшылар жоғары оқу орындарын бітіріп, басым көпшілігі ғылыми дәрежеге ие болуға ұмтылады. Бұл фактор көптеген мемлекеттердің инвесторларына жаңа жоғары технологиялық өнімдер өндірісін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Оңтүстік Корея Азия аймағындағы ең маңызды көлік тораптарының бірі болып саналады, осыған байланысты жүк тасу мүмкіндіктері шектелмеген – теңіз, құрлық, ауа арқылы тасымалдауға болады. Сондықтан бұл мемлекетті жаңа өнім өндірудің тәжірибелік алаң ретінде де пайдалануға жол ашылады.

Оңтүстік Кореяның экономикалық даму моделінің негізгі параметрлері – экспорттық өндіріске бағыт алу, ғылым мен техниканың дамуы, еңбек күшін дайындау және т.б. тек белгілі бір макроэкономикалық жағдайда ғана тиімді жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл – мемлекеттік жобалау мен нарықтық механизмнің үйлесімдігі, ауыл шаруашылығының дамуы мен халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі, табысты әділетті бөлу саясаты. Оңтүстік Кореяның дамуын зерттеу жұмыстары мемлекеттің экономикалық жетістігінің себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл – импортты алмастырудың белгілі бір деңгейі мен мемлекеттің салыстырмалы артықшылықтарын мұқият жобалау негізінде экспортқа бағдарланған стратегияны жүзеге асыру тәсілі. Экспортқа бағдар алуды ынталандыру мақсатында бірқатар шаралар қабылданды, соның ішінде экспортты қолдау бойынша арнайы ұйымдар құру, экспорт үшін тауарларды өндіретін фирмаларды салықтардан босату және оларға жеңілдікті шарттар негізінде субсидиялар немесе кредиттер беру және т.б.

Оңтүстік Корея экономикасы қарқынды дамыды. Зерттеушілер бұл жетістікті «Ханган өзенінің ғажайыбы» деп атауының себебі өнеркәсіп объектілерінің басым көпшілігі үш жылдық корей соғысы барысында жойылып, ел капитал мен табиғи ресурстарынан

айырылды. 1960-жылдардың басында мемлекет экспортқа бағытталған экономикалық даму жоспарының арқасында алға шықты. Алғашқы кезеңде экспорттың басты салалары шағын фабрикаларда өндірілген жеңіл өнеркәсіп тауарлары мен шикізат болды. 1970 жылдары Корея химия өнеркәсіп объектілеріне инвестиция құйып, ауыр өнеркәсіп тауарларының экспортына негіз қалады. Қазіргі таңда мемлекетте халықаралық бәсекеге қабілетті бірқатар салалары бар, олардың ішінде кеме құрылысы, металлургия және химия өнеркәсібі.

Жылдам экономикалық өсім стратегиясы өзекті әлеуметтік проблемалармен қатар жүрді: табыстарды бөлудегі теңсіздіктің өсуі, кедейшілік деңгейінің өсуі, т.б. Тек төртінші бесжылдық жоспардан (1977-1981 жж.) кейін ғана үкімет туу деңгейін бақылау, жұмысбастылықты кеңейту, білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс қатынастарын дамыту бойынша мәселелерді қарастыра бастады.

Корея Республикасы шаруашылығының дамуы көпшілік жағдайда оның сыртқы экономикалық байланыстарының кеңеюімен айқындалды, олардың арасында сыртқы сауда маңызды орынға ие болды. 1960-1980 жылдары сыртқы сауда қарқыны ЖІӨ өсімінен 1,5-4,0 есе асты. 1960 жылдары экспорттың ортажылдық өсімі 33,4%, 1970 - 39,8%, 1980 – 14,5%, 1990-1995 - 10% құрды. Сыртқы сауда айналымының жоғары қарқыны Корея Республикасы маңызының әлемдік нарықтардағы өсуіне алып келді. Оның әлемдік экспорттағы үлесі 1962 жылғы 0,04%-дан 1980 жылғы 1,1%-ға, 1990 жылы – 1,9%-ға өсті.

XX ғасырдың басында Корея саяси, экономикалық және әлеуметтік сяқты барлық салалар бойынша артта қалған мемлекет болды. Нәтижесінде Корея мемлекетінің мәдениетін дамытуға көңіл бөлмеген Жапонияның тарапынан басқыншылыққа ұшырады. Жапон басқыншылығының отыз алты жылдың ішінде Корея өндірісі баяу дамып, мемлекет тек жапон экономикасы үшін шикізат пен ауыл шаруашылық өнімдерінің жеткізушісі болып саналды.

20 ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік Корея Жапонияның отары болды. Бұл кезеңде экономикалық даму жөнінде ешқандай сөз қозғалмады. Адам басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі бойынша (1960 ж. адам басына 80 USD) Корея көптеген африкалық мемлекеттермен салыстырғанда да артта қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Корея жапон үстемдігінен азат етілді. Антигитлерлік коалиция мүшелерінің келісімі бойынша Корея екі зонаға – 38-ші параллельден солтүстікке қарай кенес және оңтүстікке қарай американдық зоналарға бөлінген болатын. Оңтүстікте ұзақ уақыт бойы Америкада өмір сүрген Ли Сын Ман басқаруымен авторитарлы үкімет билігі орнатылды. 1945 жылы 15 тамызда Корея Республикасы жарияланды [1, 5-б.].

Мемлекеттің екі бөлікке бөлінуінен кейін бұрыннан орнатылған байланыстар үзіліп, бұл экономикалық өмірдің одан сайын бұзылуына алып келді. Нәтижесінде Оңтүстік Корея металлургиялық, химиялық, цемент өнеркәсіптерінен айырыла жазылды.

1950 жылы 25 маусымда, жаңа үкіметті құрғаннан кейін екі жыл өткен соң, корей соғысы басталды. Қарулы қақтығысқа АҚШ, КСРО және Қытай сияқты державалар араласты. Елде шаруашылық объектілер толығымен қиратылды.

1945 жылы жапон үстемдігінен азат етілгеннен бастап 1950 жылдардың ортасына дейін соғыс және хаос жағдайы сақталғанымен, дәл осы кезеңде екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс тапқаннан кейін Жапониямен қалдырылған капиталды денационализацияландыру негізінде «еркін нарықтық экономикалық жүйе» құру арқылы индустриализацияның тірегі қаланды. Бұл капитал түбектің оңтүстік бөлігінің 80%-на жуығын құрады [2, 19-б.].

1953 жылы 27 маусымда Пханмунчжомда жасалған бейбітшілік туралы келісім түпкілікті бейбіт реттеуге дейін Кореядағы барлық әскери әрекеттер мен жаулық акттерді тоқтатуды қарастырды. Бұл келісімге сәйкес оңтүстік пен солтүстік арасында ұзындығы 250 км-дан асатын демаркациялық шекара өткізілді. Уақытша бітім барысында Корей түбегіне жаңа әскери контингент енгізу және әскери жабдықтар жеткізуге тыйым салынды. Осы кезде Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуы басталады.

Соғыстан кейінгі жылдары Корея АҚШ тарапынан берілген қайтарымсыз кредиттер негізінде өмір сүрді. Коммунистердің келуіне жол бермеу мақсатында АҚШ осындай

шығындарға тап болды. Сонымен қатар, Корей түбегі пайдалы қазбаларға кедей болды. Таулы жерде ауыл шаруашылығын дамыту қиын болды. Корея экспорттан бұрын өзінің азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады.

50 жылдардың аяғында Оңтүстік Кореяда күрделі саяси жағдай орын алып 1961 жылдың көктеміндегі әскери төңкерістің нәтижесінде билікті әскерилер басып алды. Оларды генерал Пак Чонхи басқарды. Пак Чонхи 1979 жылға дейін тұрақты билік басында қалды.

Мемлекетте тәртіп қалпына келтірілгенімен, ол үшін демократиялық емес тәсілдер қолданылды. Генерал Пак қатаң амалмен коррупцияны жойып, мемлекеттік аппараттың құрамын өзгертті. Бұл кезеңде Солтүстік Кореяның дамуы Оңтүстік Кореяға қарағанда жоғары болды. Осыған байланысты генерал Пак жоспарлы мобилизациялы экономикаға бағыт алған болатын. Кез-келген тәсілмен Солтүстікті басып озу керек болды. Социалистік мемлекеттерге ұқсас Оңтүстік Кореяда да бесжылдық даму жоспарлары енгізілді, оларды Ұлттық Қайта Құру Жоғарғы Кеңесі дайындап бақылады. Бұл кеңес негізінен жоғарғы әскери атақтардан тұрды.

Ауқымды ұлттандыру жүргізілді. Банк жүйесі толығымен мемлекет бақылауына көшті. Сонымен қатар, үкімет көлік инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтауды да толығымен бақылауды сақтап қалды. Генерал Пак әкімшілігі экономикалық дамуда орталықтандырылған басқаруға көп көңіл бөлді.

Пак чебольдердің – қаржылық-өндірістік топтардың оңтүстік корейлік формасы – қолдаушылығына үлкен үміт артты. Чебольдер дәл кезеңде пайда болып қазіргі таңда олардың саны 30-ға жуық. Олар мемлекет өндірісінің үлкен бөлігін бақылайды.

«Жаңа индустриалды мемлекеттердің» тәжірибесіне сәйкес, капитализм орнығуының оптималды формасы Оңтүстік Кореяда байқалған орталықтандыру, мемлекеттік биліктің өктемшілдендірілуі болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін билік басына келген Ли Сын Ман (1948-1960) режимі демократизммен ерекшеленбей, реформалармен қатар қатаң жазалау шараларын қабылдады.

Даму үрдісінде Корея Республикасының үкіметі басқа дамушы мемлекеттер жасаған қателіктерден құтыла алды – ауыл шаруашылығының зарарына индустриализация рөлін артық бағалау, ауыр индустрияның жеңіл өнеркәсіппен салыстырғанда басымдылығы және т.б. Басқа сөзбен айтқанда, Оңтүстік Корея экономикалық стратегиясының ерекшелігі экономикалық дамудың бір кезеңінен екінші кезеңіне өтудегі реттілікті сақтап, бұл жолдағы әрбір қадам келесі қадамды дайындауы болып табылады.

1950 жылғы жер реформасына сәйкес помещиктерге тиесілі болған жерлерді жалға алушылар арасында қайта бөлді. Реформа өтемақымен бірге сатып алу және өтемақысыз реттеуді қарастырды. 1945 жылдан 1965 жылға дейін жерге ие шаруашылықтардың салыстырмалы салмағы 14%-дан 70%-ға дейін өсті, жалдама үлесі 49%-дан 7%-ға дейін азайды. Аграрлы секторға ірі инвестициялар бағытталды, ауыл шаруашылық өнімдеріне сатып алу бағасы көтерілді. Бұл шаралар ауылдағы демократизация үрдісін жылдамдатты, себебі помещиктік жер иеленуді жойып, аграрлық сектордың дамуына мүмкіндік берді. Экономикалық прагматизм, экономикалық даму міндеттерін жүйелі реттеу қабілеті 40-50 жылдары қабылданған барлық шараларға тән. Олар аграрлық реформаны өткізуге, қант, ұн және тоқыма өнеркәсіптерін дамытуға бағытталды.

Дегенмен, өндірістік капиталды орталықсыздандыру әрекеті бұл кезеңде сәтті нәтиже бермеді. Сәтсіздіктің себептері – әлеуметтік-саяси проблемалар, кәсіпкерлік тәжірибенің жоқтығы, шикізат пен электроэнергия тапшылығы. Басты себебі үкіметтің орталықсыздандыру үрдісін жүргізу, дұрыс жоспарлау және тиімді басқару қабілетсіздігі болды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Сеулде АҚШ көмегімен Оңтүстік Кореяның экономикасына жәрдем беру жоспары дайындалды. 1954-1959 жылдары АҚШ ретінде 1,5 миллиард долларды субсидия және «даму қарыздары» ретінде (қарыздар 12,4 миллион долларды құрды) пайдалануға берді. Бұл қаражат негізінен американдық азық-түлік және тұтынушылық тауарларды сатып алуға жұмсалып, тек аз ғана бөлігі өнеркәсіп пен ауыл

шаруашылығының өндірістік инфрақұрылымын қалпына келтіруге шығындалды. Алайда, соғыстан кейінгі жылдары алғаш рет американдық көмек экономиканың салыстырмалы қарқынды қалпына келтірілуіне ықпал етті. 1954-1958 жылдары ЖҰӨ орташа жылдық өсім қарқыны 5,2% құрды, өндеу өнеркәсібі өз өндірісін екі есе арттырды.

Ұлттық шаруашылықтың қайта құрылымдалынуы инфляциясыз жүзеге асырылуы мүмкін емес болды. Оңтүстік Корея үкіметі бұл проблемаға көп көңіл бөлді, себебі баға тұрақсыздығы мемлекет экономикасын бұзып, өмір сүру деңгейінің орнықсыздығына, корейлік тауарлардың бәсекеге жарамсыздығына және саяси тұрақсыздығына жетеледі.

50 жылдардың бірінші жартысында соғыстан кейінгі қайта құрудың нәтижесінде орын алған бюджет дефициті ең алдымен имиссия арқылы басылып, ақша жиынының жылғы өсуі 128,2% құрды. Өнеркәсіптік өндірістің өсімі ақша жиынының өсуіне сәйкес келмей, бұл созылмалы артық сұранымға алып келді. Нәтижесінде көтерме сауда бағалары жыл сайын орташа 167,4%-ға өсіп отырды.

Мемлекеттік табысты көбейту мақсатында салықтар туралы заң өзгертілді: мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын арттыру және байланыс қызметтерін, темір жолдарды, мемлекеттік монополияларды жеке табысты ұйымдарға айналдыру арқылы бюджеттің қатаң теңгерімділігі принципі енгізілді. Коммерциялық банктерге «салым бойынша кредиттеу принципін» ұстануға ұсынылды.

Нәтижесінде 50 жылдардың соңында ақша айналымының өсуі орта есеппен алғанда жылына 30,5%-ға дейін төмендеді. Қамтамасыз етілмеген ақша қорының өсімі қысқарып, баға көтерілуі орта есеппен жылына 25% құрды.

1953 жылы өткізілген ақша реформасы инфляцияны қысқартуға бағытталды. Бұл реформа барлық ақша мен төлем құралдары заң жарияланғаннан кейін 9 күннің ішінде банктерге енгізілуді қарастырды, ал жаңа ақша белгілері мемлекетте жалғыз төлем құжатына айналуы тиіс болды. Сонымен қатар ақша бірліктері 1:100 қатынасында алмастырылды. 20%-дан 100%-ға дейін банк салымдары төлеу мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі жедел салымдарға айланды. Реформа өз нәтижесін берді. 1953 жылдың өзінде көтерме сауда бағасының өсімі өткен жылдғы 102,3%-дан 25,3%-ға дейін төмендеді. Ақша айналымы да елеулі түрде төмендеді – 1953 жылғы 114,3%-дан 1957 жылғы 19,8%-ға дейін.

Ли Сын Ман режимінің американдық импортқа бағытталуы жағымсыз нәтижеге де алып келді – ішкі индустрия дамымады. Еңбекшілердің жағдайы біртіндеп нашарлады. 1958 жылдың басына қарай жұмыссыздар мен жартылай жұмыссыздардың саны 4,3 миллионға детті (Оңтүстік Кореяның еңбекке жарамды тұрғындарының 36,6%).

Пак Чжон Хи әкімшілігі экономикалық дамудың жаңа стратегиясын таңдады – негізгі мақсаттары ретінде жеке адамның бастамасын қолдау және ұлттық жеке капиталистік құрылысты күшейту жарияланды. Бұл мақсаттардың жүзеге асырылуы капиталистік экономиканы басқару жүйесін қалыптастыру арқылы мүмкін болды, бұл шаруашылықты басқарудағы мемлекеттік реттеуді енгізуді білдірді. Экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі бесжылдық даму жоспарлары болды.

60 жылдардың ортасында Вьетнам соғысы басталды. Оңтүстік Корея бұл соғыста АҚШ-ты қолдап 300 мыңнан астам корейлік әскерилер соғысқа қатысты. Бұл соғыста қолдау көрсеткені үшін Корея АҚШ-тан гранттар, қарыз, субсидия, технологиялар түрінде ондаған миллиард долларға ие болды. Осыдан басқа, корейлік чебольдер АҚШ-тан құрылыс, транспорттық тасымалдау, әскери техниканы өндеу және т.б. жұмыстарға ірі тапсырыстар алып отырды. Hyundai компаниясы құрылысқа берген тапсырыстар негізінді дамыды (мысалы, АҚШ әскери-теңіз күштері базасының құрылысы). Банк жүйесі ұлттандырылғандықтан чебольдер жеңілдік кредиттер алып отырды.

Чебольдер экономикалық ғажайыптың негізгі драйвері болды.

Корея Республикасында еркін экономикалық аймақтарды құрудың алғашқы әрекеттері 1970-1974 жылдары жасалды. Бұл кезде Масан және Иксан қалаларында екі аймақ құрылды. Олар экспортты көбейтуге, өндірістердің қуатын кеңейтуге, қосымша жұмыс орындарын құруға бағытталған шетел инвестициялары арқылы ұлттық және жергілікті экономикалардың

дамуына ықпал етуі тиіс болды. Бұндай аймақтарға инвесторларды тартудың басты құралы салықтық жеңілдіктер мен салыстырмалы төмен жалдау төлемдері болды. Мысал ретінде, 1999 жылы Массан еркін экономикалық аймағы \$4,53 млрд-қа экспорттық өнім шығарды. 2000 жылы аймақта 70 компаниялардың кәсіпорындары орналастырылды, соның ішінде түсті металдарды өндіру бойынша 4, 8 металлургиялық, тоқыма өнеркәсібінің 6, машина құрылысы жабдықтарын өндіретін 19, электротехника мен электрониканың 25, т.б. 8 кәсіпорын ашылды.

Шетелдіктерге еркін аймақтарда тіркелген өнеркәсіптерді 100%-дық иелену рұқсат берілді, ал инвесторларға Оңтүстік Корея шекарасынан тыс жерге табыс пен капиталды репатриацияға кепілдік берілді. Жоғары технологиялар мен өнеркәсіптерді сервистік қызметтеумен байланысты кәсіп салаласындағы барлық компаниялар бес жылға салықтардан азат етілді. Қазіргі таңда Оңтүстік Кореяда 10 еркін экономикалық аймақтар тиімді жұмыс жасауда; соңғы үшеуі үкімет шешімімен 2008 жылдың 25 сәуірінде «Сары теңіздің ЕЭА» жалпы атымен құрылды. Қазіргі таңда олардың барлығы бірнеше салаларда дамып жатыр. Еркін экономикалық аймақтар Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуында маңызды рөлге ие, экспорт құрамдас бөлігінің кеңеюінде, жұмыспен өамту мәселесін шешуде ықпалы зор[3, 23-б].

1980-жылдары Оңтүстік Корея Тайвань, Гонконг және Сингапур сияқты аймақ мемлекеттерімен қатар, экономикалық дамудың жоғары қарқынын көрсетіп отырды (өсім орта есеппен алғанда жылына ЖҰӨ-нің 10%-ын құрды). Оңтүстік Корея өнеркәсіптік базаны нығайтуда, өндірістің қазіргі кездегі салаларын құруда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді[4, 12-б.].

Оңтүстік Корея экономикасының қарқынды өсуін түсіндіретін басты факторлардың бірі авторитарлы үкіметтер атынан экономикалық даму пайдасына демократиялық және саяси өзгерістерді қалыптастырған қуатты әрі тиімді басшылық болды.

Үкімет жаңа заңдарды қабылдап, бұрынғыларды мұқият қайта қарады, сонымен қатар қорды көбейту, экспортты кеңейту, шетел инвестициялары мен технологияларды тарту мақсатымен саяси сипатындағы көптеген шаралар қабылданды. Үкімет әлеуметтік инфрақұрылымды құру үшін барлық жағдай жасады: жолдар, бөгеттер, порттар, темір жолдар және мектептер.

Қазігі кездегі жоғары дамыған еңбек бөлінісі жағдайында кез-келген реттеу шараларының негізінде ақша айналымы жатқаны сөзсіз. Кореяда ақша-қаржы балансына қол жеткізуге айтарлықтай көңіл бөлінді. Айтарлықтай шаруашылық қиындықтар болған жылдарының өзінде ақша айналымы, инфляция, мемлекет бюджетінің дефициттілігі мемлекет бақылауынан шықпады. Мұндағы орталық рөл кредиттік-қаржылық жүйедегі мемлекеттік монополияға тиесілі болды. Оңтүстік Кореяның мемлекеттік реттеуіндегі келесі маңызды бағыт валюта саласына жатады.

Мемлекет қолындағы қаржы және валюталық ресурстардың шоғырлауын қоғамдық өндірістің негізгі пропорцияларының қалыптасуына ықпалын тигізді. Сонымен бірге экспорты көтермелеуге басты көңіл бөлінді. Мемлекет банк жеңілдіктеріне ие болған ұлттық экспорттаушыларды субсидиялауды пайдаланды. Орташа бағамен алғанда, 70-шы жылдардың өзінде олар жылына ЖҰӨ-нің 1/10 бөлігінен кем емес мөлшерінде жұмсады.

Оңтүстік Корея экономикасының дамуы мен ғылыми-техникалық прогресске жетудешетел технологияларын пайдалануы маңызды рөлге ие болды. Мемлекет бұл жолға индустриализация бағдарламасының бастамасымен тұрды. Көбінесе, шетелдегі жабдықтарды сатып алу технологиялық процесстерді пайдалану құқықтарын алумен қоса жүрді. Ұлттық ғылымның әлсіз дамуы жағдайында шетелдік алдыңғы қатарлы технологияларды тарту жаңа кәсіпорындардың құрылуына, өзіндік құнның төмендеуіне және өндірілетін тауарлар сапасының көтерілуіне алып келді.

Ғылым мен техника саласындағы белсенді алмасу Оңтүстік Кореяға атом электроэнергетиасының негізін құру мүмкіндігін берді. Елде электроэнергияны жалпы өндірудің жартысынан артығын шығаратын 10 атом реакторлары бар.

Индустриализация деңгейінің өсуімен біртіндеп өзіндік ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар дамуы да өсті. 1960-1980 жж. ішінде бұл мақсаттарға жұмсалған шығындар ЖІӨ-нің 0,25-тен 0,58%-ға дейін өсті. 80-шы жылдары бұл салада айтарлықтай ілгерілу байқалды: ғылыми-өндірістік саябақтар, ғылыми-зерттеу институттары, рискофирмалар ашылды.

Онда қаржы және салық жеңілдіктерін алған жетекші салаларындағы ірі өнеркәсіптер қатысты. Ғылыми-өндірістік саябақтарында тәжірибелік ұсақ сериялы өндіріс, жаңа технологияларды, бұйындар мен материалдарды дайындау жүзеге асырылады. Жағымды нәтиже жағдайында жаңа өнімнің жаппай шығарылуы ұйымдастырылады.

1987 ж. ғалым және технология министрлігі 15 жылдық жоспар дайындап, ол мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының негізгі бағыттарын анықтады. Жоспарда микроэлектроника мен таза химия, информатика және өндірісті автоматтандыру салаларында өңдеуді дамыту көзделеді. 1993 ж. өзінің жеке технологиясы негізінде жасалған зерттеу серігі орбитаға шығарылды.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсылатын шығын ЖІӨ-нің 2,7%-на тиесілі болды, бұл көрсеткіш жетекші батыс мемлекеттерінің деңгейіне сәйкес келеді.

Оңтүстік Кореяның технологиялық дамуының жалпы деңгейі Батыстың индустриалды мемлекеттерінің орташа деңгейінің 40% құрайды.

Ким Ен Сам билігі кезінде 1993 жылдың жазынан бастап Корея Республикасында банк шоттары реформасы жүзеге асырылды. 1993 жылға дейін Оңтүстік Кореяда банк шотын ашу кезінде жеке куәлік қажет етілмей, осыған байланысты елде жалған есімдермен тіркелген шоттар өте көп болды. Олар жоғары шенеуніктердің шоттары болып табылды. Реформаны жүргізу барысында шот иесі жеке куәлігісімен банкқа келіп қайта тіркелуге тиіс болды.

1993 жылы Корея Республикасы «ЭКСПО-93» Бүкіләлемдік техникалық көрмесінің ұйымдастырушысы ретінде алға шықты, ал 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болды.

1995 жылдың көктемінде Оңтүстік Корея ЖҰӨ абсолютті көлемі бойынша әлемде 11-орынға шықты. Осыған байланысты экономикасы едәуір дамыған мемлекеттерді байланыстыратын әлем клубы – Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымына мүше болуға ресми мәлімдеме жіберді. Алайда, ұйым сарапшылары Оңтүстік Кореяны Ұйым капиталға қатысты талаптарының 91-нен 12-сін ғана орындайды деп шешті [5, 8-б.].

Оңтүстік Кореяның қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың үлкен бөлігінің жоғары технологиялық кәсіп саласына тартылуы, азаматтардың мобильділігінің даму қажеттілігі мен ірі экономикалық орталықтарындағы халық тығыздығының артуы мемлекеттің барлық ірі қалаларын байланыстыра алатын жүрдек темір жолдар желін құруды қажет етті. «Кэй Ти Экс» (КТХ – Korean Train Express) деп аталатын жүрдек темір жолдар құрылысының жобасы 1992 жылы басталды. Жоба негізі ретінде «Альфстом» фирмасының француз технологиялары таңдалынды. 2000-2001 жылдары алғашқы поездерді сынау түрінде жүргізулер жүзеге асырылып, 2004 жылдың 1 сәуірінде «Кэй Ти Экз» поездерінің жүйелі қозғалысы басталды. Бастапқыда кейбір ақаулықтар болғанымен, бірнеше жылдың ішінде олар түзетіліп, жүрдек темір жолдар желісі Корея Республикасының транспорт жүйесінде маңызды рөлге ие болды.

2004 жылдың сәуір айында Оңтүстік Кореяның ірі электрондық компанияларының өздерінің өндірістік қуатын Батыс Еуропадан Шығыс Еуропаға көшіру тенденциясы байқалды. Бұл экспорттық салық жеңілдіктеріне ие болған Еуропалық Одақтың мүшелігіне кандидат елдер болды. Осыған байланысты бұл мемлекеттерде өндіріс жүргізу тиімді болып есептелінді.

Осылайша, «Самсунг Электроникс» (Samsung Electronics) компаниясы 2004 ж. наурыз айында Ұлыбританиядағы мониторларды өндіру желісін жауып, құрастыратын зауыттарды Словакияға көшірді. «Эл Джи – Филипс Мониторс» (LG – Philips Monitors) фирмасы 2003 ж. тамыз айында Уэльстегі зауытын жауып, 2004 жылдың бірінші жарты жылдығында

Венгрияда өндірісті реттеумен айналысты. «Дэу Электроникс» (Daewoo Electronics) 1994 жылдың өзінде зауытты Франциядан Польшаға (Варшава) көшірді.

Сонымен, Оңтүстік Кореяның экономикалық ғажайыбының негізгі құпияларына тоқталатын болсақ, жетістіктің басты құрамдас бөліктері:

– Экономиканы қатаң мемлекеттік басқару. Мемлекеттік жоспарлау. Көлік пен банк үйесін ұлттандыру.

– Ірі өндірістік топтарға көңіл бөлу. Бұл топтар жекешелендірудің негізінде пайда болмай, басынан бастап құрылады.

– АҚШ-пен достастық негізінде қалыптасқан қарым-қатынас. Бұл жерде ұлы державалардың геосаяси мүдделерінің қиылысуы негізінде шетел капиталдарының легі ақты.

Алайда, Оңтүстік Кореяның қазіргі кездегі өнеркәсібі дағдарыс күйінде. Экономиканың даму жолындағы негізгі кедергілер – қатаң экономикалық жоспарлау, мемлекеттің орта және шағын кәсіпкерлікті емес, чебольдерді (ірі қаржы-өнеркәсіп топтары) қолдауы, бизнестің барлық салаларының қатаң бақылауға алынуы, сыртқы саудағы протекционизм. Республика экономиканың барлық салаларын құрылымдық қайта құруды қажет етеді. Мемлекеттің алдағы дамуының негізгі бағыты орта және шағын бизнесті қолдауға бағытталған экономикалық модель қалыптастыру болып табылады.

2017 жылғы сайлауға дейін Мун Чжэ Ин орта және шағын компанияларын, жаңа жұмыс орындарын қолдау мақсатымен 10 трлн вона бөлуге уәде берген болатын. Сонымен қатар, ол чебольдерді сынға алып, олардың корей бизнесінде үстемді орын алуына наразылығын білдірді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Иргебаев В.Д., Осипов В.И. Южная Корея // У политической карты мира. М., 1990. 5-б.
2. Син Хён Хвак. Южная Корея: нелегкий путь к процветанию // Проблемы Дальнего Востока. 1990. №5. 19-б.
3. М.А. Мореходов – Южная Корея: Секреты успеха 50 лет реформ, которые преобразили страну, Азия и Африка сегодня № 1 2012 – 18-23б.
4. Soviet Policy in East Asia. NewHaven – London, 1982 - 12 б.
5. Шин А. Роль государства во время перемен. 8-б.

ӘОЖ 323.173(516)

ШЫҢЖАҢ ҰЙҒЫР АВТОНОМИЯЛЫҚ АУМАҒЫНДАҒЫ СЕПАРАТИЗМ

Ускембаева Малика Төлегенқызы

m.tolegenkyzy705@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті Халқаралық қатынастар факультеті
Аймақтану мамандығының II курс студенті

(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті, Астана қ, Қазақстан)

Ғылыми жетекші- Ж.Е.Нурбаев

XXI ғасырда өзінің әлемдік аренадағы экономикасының қарқынды дамуымен көзге түсетін ҚХР, өзінің ішкі аймақтарындағы қиын мәселе топтарының да жағдайы қарастырылады. ШҰАА-дағы ұйғырлар мәселесінің қазіргі кезде өзекті болуының себебі:

- Қытайдағы этникалық аз ұлттар мен ханьдықтар арасындағы қақтығыстар;

- Болып жатқан сепаратистік актілерді Ұйғыр лаңкестік бағытта дамуы, соның нәтижесін ҚХР-да туындайтын проблемалар;

- Сепаратистердің тәуелсіздікті алу мақсатында барлық жолмен алу саясаттары және сепаратистердің террорлық актілерге бару ;